

mechanism for the development of interbranch relations in the meat product subcomplex // Joint AIC: economics, management. - 2018.- №7.- PP. 35-40.

7 Sigarev M.I., Taipov T.A. State financial support for the production of agricultural products in the party conditions // News of the NAS of RK. Series of agricultural sciences. - 2018.- № 2 (44) .- PP. 42 -48.

8 Alibayeva Z.N., Traisov B.B., Development of poultry farming in Kazakhstan // News of the Orenburg State Agrarian University. - 2014. - № 2. - PP. 246-248.

6 Titova E. Methodological approach to assessing the effectiveness of the economic

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТАМАҚ ӨНІМДЕРІМЕН
ӨЗІН-ӨЗІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕНГЕЙІН БАҒАЛАУ**

ASSESSMENT OF THE LEVEL OF SELF-SUFFICIENCY IN FOOD PRODUCTS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

PhD докторанты

А.А. СЕЙСИНБИНОВА

докторант PhD

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

A. SEISINBINOVA

PhD student

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Андатпа. Қазіргі жаһандану жағдайында елдің азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін шешудің маңыздылығы артады. Бүкіл әлемде азық-түлікпен қамтамасыз ету ұлттық қауіпсіздіктің негізі және экономиканың аграрлық секторын дамытудың маңызды бағыты болып табылады. Мемшікті азық-түліксіз мемлекеттік тұрақтылықтың қалған құрамдастары өзінің маңыздылығын жоғалтады. Мақалада автор "азық-түлік қауіпсіздігі" ұғымының мәнін және оны қамтамасыз етудің қажетті шарттарын, оның ішінде физикалық және экономикалық қол жетімділікті анықтайды, сондай-ақ республика халқының тамақ өнімдерінің негізгі түрлерімен өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейін бағалайды. Азық-түлік тауарларын тұтыну құрылымын, ақшалай кірістерді, үй шаруашылықтарының шығыстарын, олардың сатып алу қабілетін сипаттайтын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің 2013-2017 жылдардағы статистикалық есептерінің көрсеткіштері келтірілген. Халықтың тағам өнімдерін тұтынуының сандық жеткіліктілігін анықтау үшін автор халықтың жан басына шаққандағы негізгі азық-түлік түрлерін өндіру деңгейін ҚР ҰЭМ бекіткен тұтынудың ұтымды нормаларымен салыстыруды ұсынған. Автор азық-түлік өнімдерінің экономикалық қолжетімділігі ең төменгі тұтыну себетінің құрамына кіретін азық-түлік өнімдерінің табыстары мен бағалары деңгейінде халықтың төлем қабілеті сұранысымен анықталғанын атап өткен.

Аннотация. В современных условиях глобализации повышается значимость решения проблем продовольственной безопасности страны. Во всем мире продовольственное обеспе-

кәсібі өндірісін қарқынды дамытуға әрекет жасауы керек.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Азық-түлікті тұтынудың жеткіліктілігін бағалауда халықтың қажеттіліктерін толық қанағаттандыратын физиологиялық нормаларға сәйкес рационалды тамақтануды қамтамасыз етуге сүйену қажет. Азық-түлікті тұтынудың сандық жеткіліктілігін негізгі тамақ өнімдерін халықтың жан басына шаққандағы деңгейі мен рационалды тұтыну нормасы сипаттайды, ал тамақтанудың сапалық сипаттамасы тәуліктік тамақтанудың калориялылық деңгейі көрсетеді. Жан басына шаққандағы тұтыну неғұрлым рационалды нормаларға жақын болса, соғұрлым халықтың сапалы, бірінші кезекте экологиялық азық-түліктерді тұтынуға қызығушылықтары артады. Және керісінше, рационалды тұтыну деңгейі төмендеген сайын, негізгі тағам өнімдерін тұтыну құрылымына емес, адам денсаулығына кері әсерін тигізетіндей тамақтанудың ұзақ мерзімді калория жетіспеушілігін болдырмаудың жолын іздейді.

Ал азық-түліктің экономикалық қолжетімділігін бағалау үшін халықтың ақшалай табыстары, тұтынушылық шығыстардың құрылымы, табысы күнкөрістің ең төмен деңгейінен (азық-түлік қоржынының құнынан) төмен халықтың үлесі сияқты негізгі көрсеткіштер қолданылады. Халықтың белгілі бір категориясының табысы неғұрлым төмен болған сайын, осы категорияның тамақ өнімдеріне жұмсайтын шығыстарының үлесі соғұрлым көп болады.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде агроөнеркәсіп кешен салаларын тұрақты әрі перспективті дамыту маңызды болып табылады. Азық-түлік қауіпсіздігі – бұл сапалық және сандық құрамы бойынша бекітілген нормативтерге сәйкес келетін азық-түлік өнімдерінің қажетті көлемімен халықты қамтамасыз ету үдерісінде пайда болатын әлеуметтік-экономикалық қатынастардың жиынтығы болып табылады [1].

Азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерімен ғылым ретінде айтарлықтай кейінгі уақытта айналыса бастады. Елдің, сондай-ақ оның жекелеген аймақтарының тиімді азық-түлік қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру объективті ғылыми бағалауды, аграрлық сферадағы экономикалық қайта құрулардың сәйкес стратегияларын әзірлеуді және басқару жүйесін дамытуды талап етеді [2].

Азық-түлік қауіпсіздігі бірінші кезекте мемлекеттің белгілі бір шикізаттық әлеуеті бар, өзінің тұрғындарын сапалы тағам өнімдерімен қамтамасыз ете алатын, азық-

түлік өнімдерінің импортына тәуелді емес күшті экономика құруы басты міндет болып табылады. Әр мемлекет өзінің тұрғынына қажетті, сапалы және жеткілікті көлемде азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етіп, оның әлеуметтік тұрғыдан тұлға болып қалыптасуына әрекет жасауы керек. Елдің азық-түлік қауіпсіздігі тұтыну тауарларының 80% өз елімізде өндірілген жағдайда немесе сыртқы сауда балансында оң сальдо әкелетін өнім өндірісіне маманданған жағдайда толық қамтамасыз етіледі [3].

Қазақстан Республикасындағы азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейін бағалаудың негізгі критерийлеріне ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы мен оның халықтың жан басына шаққандағы мөлшерін сипаттайтын көрсеткіштерді анықтау жатқызылады.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтеріне сәйкес 2017 жылы ауыл шаруашылық өнімдерінің өндірісі өсімдік шаруашылығы бойынша 2,3 трлн. теңгені құрады, ол нақты көлемі бойынша 2016 жылмен салыстырғанда 11,2%-ға жоғары. Сондай-ақ, өсімдік шаруашылығының ауыл шаруашылығы өнімдерінің жиынтық шығарылымы құрылымындағы үлесі 55,4%-ды құраған. Ал мал шаруашылығы бойынша өнімдердің жиынтық көлемі 2017 жылы – 1,8 трлн. теңгені құрады, ол нақты көлемі бойынша өткен жылмен салыстырғанда 103,9%-ды құрады және мал шаруашылығының ауыл шаруашылығы өнімдерінің жиынтық шығарылымы құрылымындағы үлесі 44,4%-ды құрады [4].


Келесі суреттен біз аймақтардың соңғы 5 жыл бойынша ауыл шаруашылық өнімдерінің шығарылымын көре аламыз (сурет).

Суретте берілген мәліметтердің негізінде Қазақстан Республикасының аймақтары бойынша Алматы облысы, Оңтүстік, Солтүстік және Шығыс Қазақстан облыстарында ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемі жоғары дәрежеде, ал бұл көрсеткіш мәнінің Маңғыстау облысы бойынша төмен екендігін байқауға болады.

Халықтың жан басына шаққандағы ауыл шаруашылығын өндіру көрсеткішінің мәліметтерін ғылыми дәлелденген тұтыну стандартымен салыстырып қарастырған дұрыс. Тек салыстыру негізінде біз республикамызда негізгі азық-түлік өнімдерінің өндірісі қажетті деңгейде ме, әлде жоқ па деген сауалға жауап табамыз.

Егер отандық ауыл шаруашылық өндірушілердің өңдеу көлемін арттырмайтын болсақ, онда азық-түлік өнімдерінің тек

сапасы бойынша ғана емес, сондай-ақ | көлемі бойынша да төмендеуі күтіледі.



Сурет – Қазақстан аймақтарының 2017 жылғы кезең бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы, млн теңге

Қазақстан халқының азық-түлікке физикалық қолжетімділігін қарастырып көрейік, бірінші тарауда айтып өткеніміздей ол тұтыну орындарында азық-түліктің тұтыну нормасына сай келетін қажетті көлемде және ассортиментте болуымен анықталады.

Тамақ өнімдерінің физикалық қолжетімділігі нақты тұтыну көлемдерінің тұтыну стандартының негізінде есептелген халықтың қажетті тұтыну көлеміне қатынасымен анықталады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық

экономика министрлігінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы "Тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын бекіту туралы" №503 бұйрығымен азаматтардың тамақ өнімдерін тұтынудың рационалды жан басына шаққандағы нормасын айқындаған.

Халықтың тамақ өнімдерін тұтынуын тұтыну стандартына сәйкес келуін талдау жалпы Қазақстанда тамақ өнімдерін тұтынудың минималды деңгейі қамтамасыз етіледі деп баға беруге мүмкіндік береді (1 кесте).

1 кесте – Халықтың жан басына шаққанда негізгі тамақ өнімдерін тұтынуының тұтынудың стандартына қатынасы, бір жылда; килограмм

Азық-түлік түрлері	Рационалды тұтыну нормасы	Нақты тұтыну, кг/жыл					Нақты тұтынудың рационалдыға қатынасы, %-бен, 2017 ж.
		2013	2014	2015	2016	2017	
Нан және нан өнімдері	109	124,8	126	129,6	130,8	133,2	122,2
Ет және ет өнімдері	78,4	69,6	70,8	73,2	73,2	73,2	93,4
Сүт және сүт өнімдері	301	228	225,6	234	235,2	237,6	78,9
Картоп	100	49,2	48	48	48	46,8	46,8
Жұмыртқа, дана	265	158,4	157,2	164,4	164,4	168	63,4
Көкөніс	149	87,6	86,4	90	88,8	88,8	59,6
Жеміс-жидек	132	61,2	61,2	64,8	61,2	64,8	49,1
Балық өнімдері	14	10,8	10,8	10,8	10,8	10,8	77,1
Қант	17	20,9	20,9	21,5	20,7	20,8	122,4
Өсімдік майы және тоң май	16,7	18	19,2	19,2	19,2	19,2	115,0
Энергетикалық құндылығы	2760	-	-	-	-	-	

*Ескерту – ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтері негізінде автормен есептелген және құрастырылған [5]

Кесетеден рационалды тұтыну нормасы республикамызда тек қант, нан және май өнімдері бойынша ғана қамтамасыз етілетіндігін байқауға болады, ал картоп және жеміс-жидек өнім түрлері бойынша

физикалық тұтыну минималды тұтыну нормасының деңгейінен де төмен. Осыдан мынадай қорытынды шығаруға болады, жалпы республика бойынша негізгі азық-түлік өнім түрлері бойынша минималды

тұтыну нормасы қамтамасыз етілген, алайда бұл нормалар адамның толық қажеттілігін қанағаттандырмайды, сол себепті бірінші кезекте негізгі азық-түлік бойынша отандық өндіріс көлемін арттыру шешілуі күттірмес мәселе болуы тиіс деп есептейміз.

Азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз ету сыртқы саудадан тәуелділік деңгейі төмен жағдайда тұтынуды бірінші кезекте ішкі жеткізулер арқылы қанағаттандыруды білдіреді. Өзін-өзі қамтамасыз ету азық-түліктің физикалық қолжетімділігінің сипаттамасы болып табылады.

Азық-түліктің физикалық және экономикалық жеткіліктілігі – екі түрлі ұғым болып табылады. Физикалық қолжетімділік – азық-түліктің тұтыну орнына тұрғындардың төлем қабілетіне сәйкес келетін, жеткілікті көлемде және ассортиментте үздіксіз жеткізіліп тұруын қамтамасыз ету түсіндіріледі. Азық-түліктің экономикалық қолжетімділігі халықтың әртүрлі топтарының азық-түлік өнімдерін қажетті көлемде және ассорти-

ментте, сондай-ақ ағымдағы бағаларда және мемлекеттің тұтынушыларға көмек көрсету мақсатында бөлінетін қаржысы есебінде сатып алу қабілеттілігін сипаттайды [6].

Елдің азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етуіне қол жеткізу үшін азық-түлік өнімдері түрлерінің басым көпшілігінің тұтас республика территориясының барлық халықтың әлеуметтік топтарына қолжетімділігіне кепілдік беретін және халықтың қажеттілігін баға бойынша шекті деңгейде қанағаттандыруға мүмкіндік беретін көлемде сапалы өндіруді жүзеге асыру қажет.

Азық-түлік өнімдерін өндіру (тұтыну) индексі нақты өндірілген (тұтынылған) өнімдердің оның физиологиялық нормасына қатынасы арқылы анықталады [қараңыз 2]:

$$J_i = m(i)/m^0(i)$$

Осыған сәйкес 2013-2017 жж. бойынша Қазақстанның негізгі азық-түлік өнім түрлерімен өзін-өзі қамтамасыз ету коэффициенттері анықталған (2 кесте).

2 кесте – 2013-2017 жж. бойынша Қазақстанның негізгі азық-түлік өнім түрлерімен өзін-өзі қамтамасыз ету коэффициенттері

Жылдар	Ет және ет өнімдері	Сүт және сүт өнімдері	Нан өнімдері және жарма өнімдері	Картоп	Жұмыртқа, дана	Көкөніс	Қант	Өсімдік майы
2013	0,89	0,76	1,14	0,46	0,6	0,59	1,23	1,08
2014	0,9	0,75	1,16	0,46	0,59	0,58	1,23	1,15
2015	0,93	0,78	1,19	0,49	0,62	0,6	1,26	1,15
2016	0,93	0,78	1,20	0,46	0,62	0,6	1,22	1,15
2017	0,93	0,79	1,22	0,49	0,63	0,6	1,22	1,15

*Ескерту – ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылған және есептелген [қараңыз 5; 7]

Қазақстанның негізгі азық-түлік өнім түрлерімен өзін-өзі қамтамасыз ету коэффициенттерінің көрсеткіштеріне сәйкес тек нан және май өнімдері, қант бойынша өзін-өзі қамтамасыз ететіндігі анықталды және оның интегралды индекс әдісі бойынша сыныптамасы - 1,00-ден асатын - оңтайлы интегралды индекс, яғни белгіленген шекті деңгейден жоғары мәнге ие. Республикамызда 2013-2017 жылдары ет өнімдері бойынша өзін-өзі толық қамтамасыз ететін деңгейге жақын екендігін көруге болады, ал басқа азық-түлік өнім түрлері бойынша индекс 0,50 пен 0,80 тұрақты емес аралығында анықталады, бұл дегеніміз азық-түлікті тұтыну жеткілікті тамақтанбау шегіне дейін төмендеген, сондай-ақ картоп өнімімен қамтамасыз етілуі елімізде өте төмен.

Территория аумағы кең және зоналық ерекшеліктерге ие мемлекеттерде ауыл шаруашылықты жүргізуі және оның азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етуі айтарлықтай аймақтық ерекшеліктермен сипатталады.

Елдің аймақтары сыртқа шығарушы, өзін-өзі қамтамасыз етуші және сырттан алушы болып жіктеледі. Сыртқа шығарушы аймақтарға халықтың тағам рационының негізгі компоненттері ретіндегі артық бидай қоры және мал шаруашылық өнімдеріне ие аймақтар жатқызылады. Мұндай аймақтардың жан басына шаққандағы ауыл шаруашылық мақсатында пайдаланылатын жерлер мен егістік алқаптары аумағы кең болып келеді.

Қазақстанның негізгі азық-түлік өнім түрлерімен өзін-өзі қамтамасыз ету дең-

гейін анықтау бойынша әдістемеге және Статистика агенттігінің мәліметтеріне сүйеніп отырып 2017 жылы Қазақстан Республикасының аймақтарының негізгі азық-түлік өнім түрлерімен өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі есептелді.

Қазақстан аймақтарының негізгі азық-түлік өнім түрлерімен өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейін есептеу нәтижесінде Қарағанды облысы мен Шығыс Қазақстан облысында негізгі азық-түлік өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз ету коэффициенті басқа аймақтармен салыстырғанда (зерттеу жұмысы барысында қарастырылған өнімдердің барлық түрлері бойынша) айтарлықтай жоғары және азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйін сипаттауға мүмкіндік беретін индексті әдіс бойынша салыстырмалы түрде жеткілікті (индекс $0,80 < 1,00$), FAO сыныптамасына сәйкес тұрақты тұтыну ретінде деңгейінде. Сондай-ақ, Ақмола, Атырау, Қостанай, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар облыстары мен Алматы қаласының көрсеткіштері орташа республикалық деңгейден жоғары, ал өзге облыстардың көрсеткіштері орташа республикалықтан төмен. Осы облыстардың көрсеткіштері индексі $0,50$ пен $0,80$ аралығында анықталған, яғни тұрақты емес, бұл дегеніміз азық-түлікті тұтыну жеткілікті тамақтанбау шегіне дейін төмен дегенді білдіреді.

2017 жылы Қазақстан аймақтары негізгі азық-түлік өнім түрлерімен өзін-өзі тек нан және өсімдік майы өнімдері бойынша ғана толық қамтамасыз етті.

Агроөнеркәсіптік саясатты әзірлеуде және оны жүзеге асыруда өзін-өзі қамтамасыз ету тұжырымдамасының тиімділігіне әсер ететін бірқатар факторларды ескеру қажет: а) елдің әртүрлі топырақтық-климаттық және экономикалық территорияларының әлеуетін тиімді пайдалану мақсатында өндірісті оңтайлы орналастыру; ә) өсімдік шаруашылығының бітік шығуы мен мал шаруашылығы өнімділігін арттыратын технологияларды қолдану.

Елдің азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейін бағалауда республиканың және оның аймақтарының өзін-өзі қамтамасыз етуімен сипатталатын физикалық қолжетімділігімен қатар, азық-түліктің экономикалық қолжетімділігін анықтау қажет.

Азық-түлікке экономикалық қолжетімділік халықтың ең төменгі тұтыну қоржынына енгізілген азық-түлік тауарларын қалыптасқан бағаларда және табыс деңгейінде сатып алу мүмкіндігі ретінде анықталады.

Тұтыну шығыстары – халықтың тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтерге бағытталған ақшалай шығыстарының бөлігі. Бұған тамақ өнімдерін сатып алу, үйден тыс тамақтану, алкогольді ішімдіктер, темекі өнімдерін, азық-түлік емес тауарлары мен ақылы қызметтер сатып алу шығыстары кіреді [қараңыз 7].

Статистика агенттігінің мәліметтеріне сәйкес Қазақстан Республикасы бойынша халықтың жан басына шаққандағы үй шаруашылығында тұтынуға жұмсаған шығындары 2017 жылы 514 693 теңгені құраған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында 2017 жылы халықтың тұтыну шығыстары бір жылда орташа жан басына шаққанда 514 693 теңгені құраған, оның $50,3\%$ -ы азық-түлік тауарларын сатып алуға жұмсаған (259 071 мың теңге). Салыстармалы түрде қарасақ, 2013 жылы жалпы тұтыну шығыстарының ішінде азық-түлік тауарларын сатып алуға жұмсалғаны $46,7\%$ -ды құраған [8].

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі мәліметтеріне сәйкес, 2017 жылы халықтың жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс деңгейі 23 783 теңгені құрап отыр, бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 10% -ға артқан. Ал 2017 жылы ең төменгі жалақы мөлшері 24 459 теңге теңгені құрады. Осылайша, республиканың аз қамтылған топтары үшін азық-түліктің экономикалық қолжетімділік деңгейі 102% -ды құрап отыр [қараңыз 8]. Сондай-ақ, ең төменгі зейнетақы 31 245 теңге болды, сәйкесенше, аз қамтылған зейнеткерлердің азық-түлікке экономикалық қолжетімділігі 131% -ды құрады.

Еліміздегі ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 2013 жылы 17 789 теңгеден 2017 жылы 23 783 теңгеге артқан. Бұл ретте айта кететіні, 2017 жылы халықтың $2,6\%$ пайызы аталған деңгейден төмен табыс алады, сондықтан осы топ тұрғындары үшін азық-түлік өнімдері олар өздері тапқан табыстарының 80% -ын қолданса да экономикалық қолжетімді емес. Олардың осы табыстары қазіргі кездегі бағалардың көтерілу қарқынында өзінің құнын жоғалтады. Қоғамның анағұрлым бай топтары үшін бұл көрсеткіш олардың табыстарының $10\text{--}15\%$ жуығын ғана құрайды. Осылайша, алдында аталған және басқа да топтардың нақты табыстарында алшақтық орын алады. Бұл өз кезегінде халықтың елеулі топтары үшін азық-түлікпен қамтамасыз етілу қаупін туғызады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің және азық-түліктің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі, бірінші кезекте, халықтың жеке

шаруашылықтарында өндірістің айтарлықтай шоғырлануына байланысты шикізат өндірісінің қанағаттанарлықсыз сапасымен түсіндіріледі. Нәтижесінде азық-түлік тауарларының импорты экспорт көлемімен салыстырғанда айтарлықтай жоғары болады. Халықтың тамақ өнімдерімен өзіндік өндіріс есебіндегі қамтамасыз етілуі еттің барлық түрлері бойынша 84,2%, құс еті бойынша – 51,8%, сүт бойынша – 59,7% құрап отыр [9].

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету көптеген жағдайларға тәуелді және отандық азық-түлік кешенді қолдауда, елдің барлық территориясы бойынша халықты азық-түліктің негізгі түрлерімен тұрақты жарақтандырылуын, сондай-ақ азық-түлік тауарларының халықтың барлық топтары үшін экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз етуде мемлекеттің күттірмес қолдауын қажет ететін күрделі мәселе және кезкелген елдің алдына қойып отырған маңызды мақсаты болып табылады.

Тұжырымдар. 1. Қазіргі таңда бүкіл әлемде азық-түлік өнімдерінің жетіспеушілігі айқын сезілуде. Азық-түлік қауіпсіздігінің мәселесі жаһандық сипатқа ие, сондықтан, кез-келген мемлекет үшін, оның үстіне әлемдік азық-түлік нарығындағы жағдай шиеленіскен қазіргі уақытта тағам өнімдерін тарату мен сату агроөнеркәсіп саясатының негізі болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейін талдау нәтижесінде республикада азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесінің бар екендігін анықтауға болады. Себебі, азық-түліктің физикалық қолжетімділігі, соның ішінде жан басына шаққандағы ауыл шаруашылық өнімі мен көптеген аймақтар бойынша негізгі азық-түлік өнімдерін өзін-өзі қамтамасыз етуі тұрақты деңгейде емес және азық-түліктің экономикалық қолжетімділігі бойынша елімізде халықтың аз қамтылған топтарының азық-түлікті сатып алу мүмкіндігі қажетті деңгейде емес.

3. Қазақстандағы агроөнеркәсіп кешенінің, азық-түлік қауіпсіздігі деңгейін қарастырып, азық-түлік қауіпсіздігі көптеген тамақ өнім түрлері бойынша тек шекті деңгейде ғана қамтамасыз етілетіндігі анықталды. Бұл ретте мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің реттеу және қолдау шараларын, соның ішінде мемлекеттің ұйымдастырушылық-экономикалық механизмінің қызмет етуін жетілдіру қажеттігін көрсетіп отыр.

Әдебиеттер тізімі

1 Кодякова Т.Е. Пищевая промышленность в системе обеспечения продовольственной безопасности (на примере Еврейской автономной области) // Региональные проблемы. - 2012. –Т. 15.- № 2. -С. 42–45.

2 Балдов Д.В., Суслов С.А. Методика расчета уровня продовольственной безопасности // Вестник НГИЭИ. -2016.- № 1 (56).- С. 13-26.

3 Государственная программа развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017 – 2021 годы. [Электрондық ресурс].- 2017.–URL: <https://moa.gov.kz/documents/1538732758.pdf> (қаралған күні: 12.04.2019).

4 Жолмуханова А.Ж., Қойтанова А.Ж.. Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі: жағдайы, мәселелері, оны шешу жолдары // Аграрлық нарық проблемалары. - 2018. - №3. - Б. 23-29.

5 Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы 2013-2017 жж. // Статистикалық жинақ.-Астана, 2018.- Б. 20-28.

6 Фадейкина Н.В, Толысбаев Б.С. Инновационные подходы к обеспечению продовольственной безопасности государства (на примере Республики Казахстан) // Инновации. – 2013. №5. –С. 179-186.

7 "Тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын бекіту туралы" ҚР ҰЭМ 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 503 бұйрығы. [Электрондық ресурс].-2016.–URL: <http://koos.dsm.gov.kz/kk/pages/tamak-onimderin-tutynudyn-gylymi-negizdelgen-fiziologiyalyk-normalaryn-bekitu-turaly> (қаралған күні: 05.03.2019).

8 Қазақстандағы халықтың тұрмыс деңгейі. 2013-2017 жж. /Статистикалық жинақ.-Астана, 2018. - Б. 6-13.

9 Искаков Б.М., Насырханов А.Д. Особенности инвестиционного климата в сельском хозяйстве // Проблемы агрорынка. - 2018. - №4. - С. 21-27.

Әдебиеттер тізімі

1 Kodjakova T.E. Pishhevaya promylenost' v sisteme obespecheniya prodovol'stvennoj bezopasnosti (na primere Evrejskoj avtonomnoj oblasti) // Regional'nye problemy. - 2012. – Т. 15.- № 2. -С. 42–45.

2 Baldov D.V., Suslov S.A. Metodika rascheta urovnja prodovol'stvennoj bezopasnosti // Vestnik NGIJeI. -2016.- № 1 (56).- С. 13-26.

3 Gosudarstvennaja programma razvitija agropromyshlennogo kompleksa Respubliki Kazahstan na 2017 – 2021 godu. [Jelektrondyк resurs].- 2017.–URL: <https://moa.gov.kz/documents/1538732758.pdf> (қаралған күні: 12.04.2019).

4 Zholmuhanova A.Zh., Қойтанова А.Ж.. Қазақстанның азық-тылік қауіпсіздігі: zhhardajy,